

**"Білім беру қызметтерін көрсету үлгі шартының нысанын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 12  
желтоқсандағы № 621 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2012 жылғы 23 тамыздағы № 396 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 17 қыркүйекте № 7918 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 № 93 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 24) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім беру қызметтерін көрсету үлгі шартының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 621 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 27 желтоқсанда № 5070 тіркелді, «Заң газетінің» 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 12 (1238) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру қызметтерін көрсету үлгі ш а р т ы н ы ң н ы с а н ы н д а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« Б і л і м а л у ш ы :

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының толық көлеміндегі білімді, іскерліктерді және практикалық дағдыларды меңгеруге, оқу және практикалық сабақтарға қатысуға;

2) дәлелді себептермен сабақтар жіберген жағдайда, өзі немесе туыстары арқылы болған жағдай туралы хабар беруге;

3) білім алушы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған кезде растайтын құжаттарын көрсету арқылы білім беру ұйымын хабардар етуге;

4) білім беру ұйымы басшысының бұйрықтары мен өкімдерін, Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және осы шарт талаптарын қадағалауға және орындауға;

5) білім беру ұйымының мүліктеріне ұқыпты қарауға және оны тиімді пайдалануға, оқу мен жатақханада тұру үшін қалыпты жағдай жасауға қатысуға;

6) әскери есепке тұру ережелерін;

7) білім беру ұйымдарының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрмет көрсетуге және сыпайы қатынас жасауға;

8) жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін кемінде үш жыл ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру ұйымдарында, мемлекеттік медициналық ұйымдарда, ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінде немесе мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарда  
ж ұ м ы с т ы  
ө т е й д і .

Бұл ереже педагогикалық, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша қабылдау квотасы шегінде оқуға түскен ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтарға қолданылады;

9) оқуды аяқтағаннан кейін мемлекеттік білім беру ұйымдарында және мемлекеттік медицина ұйымдарында кем дегенде үш жыл жұмыс істеуге міндетті

Бұл ереже мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша оқуға түскен азаматтарға қолданылады.».

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ф.Н. Ж а қ ы п о в а ) :

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.К. Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін атқарушы*

*М. Орынханов*